

**«Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім  
бөлімінің «№5 жалпы білім беретін мектебі»КММ  
Қамқоршылық кеңес отырысы  
хаттамасы №3**

Өткізілген күні: 27.12.2023

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

**Күн тәртібінде:**

1. Мектептің I жарты жылдық есебі
2. Тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушыларды кеңсе керек-жарақтарымен және киіммен қамтамасыз ету нәтижелері туралы «Қамқорлық» акциясына қатысу.
3. Аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар жинауды ұйымдастыруға көмектесу.
4. Жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға көмек.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Г.Ж.Балапанова I жарты жылдық білім сапасы бойынша толық талдай отырып, I жарты жылдықтағы Қамқоршылық кеңесінің қатысуымен атқарылған іс-шаралар және алған орындар жетістіктері бойынша айтып өтті. Тәуелсіздік күні қарсаңында мектептің қоғамдық өміріне белсене аралыфсып жүрген ата-аналармен оқушылардың марапаттары туралы айтып өтті.

2. Екінші сұрақ бойынша Қамқоршылық кеңестің төрағасы Кайпбергенов Б.К жаңа жыл мерекесіне орай, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының балаларына көмек беріп, олардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етілуі жөнінде сөз қозғады.

Мектептің әлеуметтік педагогы тұрмысы төмен отбасынан шыққан оқушыларды кеңсе керек-жарақтарымен және киіммен қамтамасыз ету нәтижелері туралы; «Қамқорлық» акциясында Қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлескен түрде жасалынған акцияда 10 оқушыға оқушы сөмкесі және оқу құралдары табысталды. (30.000т). Әліде кеңес мүшелерімен бірлескен жұмыстар жоспарланғандығы туралы айтып өтті.

Үшінші сұрақ бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Шакижанова жаңа жылдық мерекеге мектепті безендіруді ұйымдастыруға арналған іс-шараларды сапалы ұйымдастыру туралы жоспарымен таныстыра отырып, кеңес мүшелеріне өткізілетін іс-шараларға белсенділік танытуын сұрады.

**ШЕШІМІ:**

1. «№5 жалпы білім беретін мектебі»КММ директоры Г.Ж.Балапанованың есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына, қамқоршылықтағы оқушыларға демеушілер арқылы кеңсе тауарлары, сумка, етіктермен, қайырымдылық көмек көрсетілісін.

2. Жаңа жылдық шырша мерекесіне, аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына, қамқоршылықтағы оқушыларға сыйлықтар ұйымдастырылып, басшылыққа алынсын.

3. Ұйымдастырылатын іс-шараларға Қамқоршылық кеңес мүшелері қатыстырылсын.

Қамқоршылық кеңесі төрағасы: Қаипберген Б.К

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

1. Нуркайланова Сания Килыбаевна
2. Нөкербекова Айсұлу Кенераловна
3. Шоянов Қанат Оңғарбекович
4. Нұрдос Кәрім Маратұлы
5. Макметов Қуантай Кусайнович
6. Ахметжанова Индира Кабдыкеновна
7. Кенжебекова Асем Мангазбековна
8. Каримова Айзада Ерлановна